

Айту би ауылдық округінің "Жасталап" ауылына жеке аулаларында қой, ешкі малдарының ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу енгізілуі туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы N 114 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 10 маусымда N 2-12-113 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 қазандағы N 338 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009.10.22 N 338 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2009 жылдың 12 мамырындағы N 234 сараптамасы, Қаратал ауданының бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторының 2009 жылдың 20 мамырындағы N 234 хабарламаласы және төтенше жағдай жөніндегі аудандық комиссияның 2009 жылдың 20 мамырындағы хаттамасы негіздерінде, Қаратал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Айту би ауылдық округінің "Жасталап" ауылына жеке аулаларында қой, ешкі малдары ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында, шектеу енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. А м а н д о с о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім:

Қ. Медеуов